

**МКҚК №13 «Шұғыла» бөбекжай- балабақшасының
№1 хаттамасы**

23.08.2024 жыл

Педагогикалық кеңес отырысы

Қатысқандар:

Қатыспағандар:

Тақырыбы: Балабақшасының жаңа оқу жылына дайындығы

Мақсаты: Балабаушада оқу тәбие жұмысын ұйымдастыру

Күн тәртібінде

1. Ұжымды жаңа 2024/2025 оқу жылына арналған мақсаттар мен міндеттермен таныстыру.
- 2.Тәрбиешілерді жаңа оқу жылына арналған ҰІӨ таныстыру.
- 3.Әдістемелік кеңес мүшелерін таңдау
- 4.Кадрларды орналастыру
- 5.Педагогтердің біліктілігін арттыру, аттестаттау курстарынан өту кестесімен танысу (педагогтердің тізімін бекіту).

1.Таңдалды. Балабақша меңгерушісі Даржанова Балзира Ерасиловна Балабақша педагогтарын жаңа оқу жылының басталуымен құттықтай отырып, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды. Сондай-ақ педагогикалық кеңестің құрамын бекіту керектігін айтты. 2024-2025 оқу жылында педагогикалық кеңестің хатшысы кеңес хаттамасын сауатты жүргізіп, баяндама, хабарламалардың материалдарын өз уақытында жинақтап отырғандығын айта отырып, қайта сайлауды ұйғарды.

Жаңа 2024 – 2025 оқу жылына қойылатын мақсаттар мен міндеттер:

Мақсаты: Мектепке дейінгі жастағы балалардың коммуникативтік физикалық шығармашылық қабілеттерін дамытып ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу

Міндеттері: Балалардың денсаулығын нығатайтып, өмірін қорғау қауіпсіз дамытушы орта құру.Ойын арқылы балалардың коммуникативтік физикалық танымдық қабілеттері мен шығармашылық дамыту әлеуметтік эмоционалды дағдыларын қалыптастыру

«Жеті ойыншық» авторлық жобасы мен қазақ халқының салт дәстүрлері арқылы балаларды патриотизмге отансүйгіштікке тәрбиелеу.Балабақша мен ата-аналардың ынтамақтастығын арттыру Биылғы 2024-2025 Әдістемелік нұсқау хатта жаңа оқу жылында

Қазақстан Республикасының заңнамасына, Мемлекет басшысының және Үкіметтің тапсырмаларына, сондай-ақ

Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған жаңартылған тұжырымдамасының негізгі ережелеріне, білім беру саласының стратегиялық және бағдарламалық құжаттарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінде жұмыстың мынадай бағыттары өзектендірілді. Тәрбиелеу-білім беру процесін реттейтін негізгі нормативтік құжаттарды қолдану

- тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру, балаларға қазақ тілін үйрету, вариативтік білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру, экологиялық мәдениет негіздерін қалыптастыру, мерекелік шараларды ұйымдастыру, мектепалды даярлықты ұйымдастыру, «Балақайлар мектебі бағдарламасы бойынша қысқа мерзімді мектепалды даярлықты ұйымдастыру; ата-аналарға арналған консультациялық пункттердің жұмысын ұйымдастыру бойынша ұсынымдар қамтылған. Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда әрбір балаға қолайлы, әрі қауіпсіз орта құру басты назарда болуы тиіс.

Шешім.

- 1) Педагогикалық кеңестің құрамына меңгеруші, әдіскер, музыка жетекшісі, қосымша мамандар тәрбиешілер бекітілсін.
- 2) Педагогикалық кеңес хатшысы болып әдіскер – сайлансын.
- 3) Жаңа оқу жылға қойылған мақсаттар мен міндеттер жоспар бойынша жазғы маусымға дейін орындалсын. Педагог мамандар жоспарға сай жұмыс атқарсын, қадағалай балабақша әкімшілігіне жүктелсін.

2.Тыңдалды. – Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойыншы балабақша әдіскері Тәрбиешілерді жаңа оқу жылына арналған ҰІӨ таныстырды. Педагогтар жаңа оқу жылына дайындығы тамыз айының соңғы аптасынан бастап бақылады. Педагогикалық үдеріс ерекше назар аударуды және өзгерістерді талап етеді. Педагогтардың кәсіптік өзін-өзі жетілдіруі мен шығармашылық әлеуетін дамытуды белсендіру үшін қажетті жағдайлар жасалуы тиіс. Бұл материалдық-техникалық базаның жақсартылуына және білім беру үдерісінің ақпараттық-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етілуіне, педагогтардың әдістемелік сауаттылығы мен технологиялық құзыреттілігінің арттырылуына, қызметкерлерді көтермелеу мен ынталандыру жүйесінің құрылуына тікелей байланысты.

Тиісінше, бұл талаптар қаншалықты сапалы және уақтылы орындалар болса, МДҰ-дағы тәрбие мен білім беру үдерісі соншалықты сауатты, мектеп жасына дейінгі балаға ұсынылатын тәрбие, білім беру және дамыту қызметтерінің сапалық деңгейі осыған байланысты болады. Режимдік тұстарды бағалауға арналған карталар: таңертеңгілік гимнастиканы ұйымдастыру (2-қосымша), жуыну, тамақтану, балалардың серуендегі әр түрлі іс-қимылдары, сюжеттік-рөлдік ойындарды, білім беру дағдылардың барлық түрлеріндегі балалармен өткізілетін әрекетерін және біз жұмыс істейтін бағдарламалардың барлық бөлімдері бойынша нәтижелерді көрсететін бақылауға арналған («Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің үлгілік оқу бағдарламасы»): тілді дамыту, қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру (бұдан әрі – ҚМҰҚ), қоршаған ортамен таныстыру, бейнелеу қызметі (3-қосымша), бойынша карталар.

Бұл ретте бақылаудың түрлі бағыттарын

- **күн сайын** (мысалы, балалармен күні бойы әрекеті өткізуді);
- **апта сайын** (ҰІӨ дайындалуды);
- **ай сайын** (балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау, бір айға арналған балалармен тәрбие және білім беру жұмысы жоспарының болуы) бақыладым. Осылайша, тәрбие мен білім беру үдерісін уақтылы, жүйелі және нысаналы бақылау педагогтардың кәсіптік деңгейін көтеруде, әдістемелік сауаттылығы мен технологиялық құзыреттілігін арттыруда зор рөл атқарады, бұл өз кезегінде мектеп жасына дейінгі балаларды оқытуда және тәрбиелеуде жоғары нәтижелерге қол жеткізуге оң әсерін тигізді. Әдіскер жылдық жоспарда барлық педагогикалық жоспарды жүзеге асыру арқылы, ұйымның мақсат-міндеттері, іс-әрекет және іс-шараларды өткізетін жауапты адамда нақты көрсетілген. Сол себепті менің ойымша бекітуге болады деп -сөзін аяқтады.

Сөз сөйлеген:-Тәрбиеші Бейсенова Мөлдір 2024-2025 оқу жылының жылдық жоспарының барлық бөлімі нақты көрсетілген. Сондай-ақ балабақшаның жаңа оқу жылына алған мақсат міндеттерін шешуге арналған. Жылдық жоспарды бекіту үшін дауысқа салайық деп ұсыныс жасады. 2024-2025 оқу жылының жылдық жоспарының бекітілуін бір ауыздан қолдады.

Балабақша әдіскері осы оқу жылының оқу қызметінің кестесін бекітіп таныстыра кетсем. Яғни бұл кестеде үлгілік оқу жоспарларын тақырыптық пен апталық жүктеме бойынша жасалды. Баланың қызығушылықтары мен бейімділіктерін іске асыруға бағытталған білім беру бағдарламаларын және қосымша бағдарламаларды әзірлеуге негіз болып табылатын мектепке дейінгі

тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламасын;
Мектепалды даярлық білім беру бағдарламасын;
Яғни білім беру салалары: «Денсаулық», «Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» екендігіне, ондағы өзгерістерге мән бергізді. Сонымен бірге оқу іс-әрекеті емес оқу қызметі екеніне, жаратылыстану, тіл дамыту емес сөйлеуді дамыту, сауат ашу негіздері, валеология емес- қауіпсіз мінез-құлық негіздері, қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру, аппликация, қоршаған ортамен танысу т.б. өзгерістерге аса мән беріп өтті және осылай айтуға дағдылануларын талап етті. Оқу қызметінің кестесі, анықтамалар, яғни оқу жүктемесі, күн тәртібі т.б. құжаттар бекітіліп таратылды. Көркем шығарманы кейіпкерлендіру (Драматизациялау) барысында балалардың тіл байлығын, байланыстырып сөйлеу дағдыларын жетілдіру.

Тәрбиешілер балалардың тілдік қатынасын дамытуда жан-жақты іздену;

Оқу қызметтерін қызықты ұйымдастыру; ертегілерді кейіпкерлендіру; тілдік білімін дамытуда жаңаша әдіс-тәсілдерді қолданып, қабілетті тұлғаны тәрбиелеу жолын қарастыру.

ШЕШІМ:

1. 2024-2025 оқу жылының жылдық міндеттемесімен, жылдық жоспарымен таныстырылып бекітілді. Жылдық жоспар негізінде ай сайын айлық жоспар жасалынып, жоспарланған іс-шаралар уақытылы өткізілсін.
2. Жас топтарына сәйкес құрылған оқу жоспары, күн тәртібі, перспективтік жоспары талданып бекітілді. Ұйымдастырылған іс-әрекеттер перспективтік жоспарға сәйкес кіріктірілген негізде, ойын түрінде жүргізілсін. Жауапты топ тәрбиешілері. Орындалу мерзімі оқу жылы барысында.

1. Жаңа оқу жылының жылдық жоспарлары бекітілсін.

2. Оқу қызметінің кестесі бекітілсін

Перспективалық жұмыс жоспары бекітілсін

Балабақшамыздың әдіскері 3-ші мәселе бойынша әдістемелік кеңес мүшелерін таңдауда алдымен әдіскер жосапырымен таныстырып міндет, мақсаттарымен таныстырып өтті. **Мақсаты:** Педагогтардың кәсіби шеберлігін арттыру. Оқу-тәрбие процесін жақсарту, инновациялық технологияларды енгізу. Балабақшадағы білім беру үдерісінің сапасын арттыру.

Міндеттері: Педагогтардың біліктілігін арттыруға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру. Жаңа педагогикалық технологияларды зерделеу және енгізу.

Оқу-тәрбие жұмысының әдістері мен мазмұнын жетілдіру. Озық педагогтарды атап өтті.

Жарыс сөзге шықан: тәрбиеші Мен бұл аты аталған педагогтарды қолдаймын. Алдағы уақытта жақсы жаңалықтар көрсетіп, үйрететініне сенімдімін.

Шешім: Аты аталған педагогтар әдістемелік кеңестің мүшесі болып танылсын. Балабақша меңгерушісі: төртінші мәселе бойынша педагогтарды топтарға қарай педагогтарды орналастырып бекітіп, таныстырды. Бесінші мәселе бойынша педагогтердің біліктілігін арттыру, аттестаттау курстарынан өту кестесімен таныстырып өтті. Педагогтердің тізімін бекітті

Қаулы қабылдансын:

Ата-аналар мектебі, Өкелер мектебі, Өжелер мектебі жоспары бекітілсін. Жауапты балабақша әдіскері, педагог-психологы медбике жүктелсін.

3. Жаңа оқу жылының жылдық жоспарлары бекітілсін.

4. Оқу қызметінің кестесі бекітілсін

Преспективалық жұмыс жоспары бекітілсін

Жауапты : Әдіскер Абуова Д

Бөбекжай-бақша меңгерушісі:  Н.С. Калдыбекова



№2 педагогикалық кеңес хаттамасы

Өткізілген уақыты: 25.11.2024

Түрі: дәстүрлі

Тақырыбы: «Ел ертеңі –бүгінгі болашақ ұрпақ».

Мақсаты: Балабақшадағы балалардың білім деңгейін көтеру

Қатысқандар саны– 21

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Педагогикалық аттестациялау бойынша құжаттар дайындау
2. Кеңес «Балабақшада баланың дені сау болу үшін не көмектеседі?»
3. Денсаулық сақтау технологиясының тиімді әдіс тәсілдерінің оқу қызметтеріне енгізу.
- 4.Ашық оқу қызметтерінің қорытындысы.

Балабақшамыздың меңгерушісі Калдыбекова Нуржамал педагогикалық кеңесті ашып берді. Балабақшаны одан әрі көркейтіп, дамытып, ұжым мүшелеріне ұйымшылдықпен бірге жұмыс жасауға шақырды. Одан әрі қарай балабақша әдіскеріне сөз кезегі берілді.

1.Тыңдалды:Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 8-тарау, 59- бабының 4- тармағына сәйкес өзіндік аттестаттау өткізілетіндігін айтып өтті.. Сол себепті өзіндік аттестаттау өткізу үшін аттестаттау комиссиясының құрамын сайлауға шақырды. Аттестаттау комиссиясының құрамына аттестаттау комиссиясының төрағасы, төраға орынбасары, аттестаттау комиссиясының мүшелері енгізіледі. Енді осы сұрақ бойынша пікірлеріңізді ортаға салсаңыздар.

2.Тыңдалды :Балабақша әдіскері өз алып, Балалақшада балалардың дені сау болып өсуі үшін ең басты қағидаларды атап өтті. Балалар

мекемелерінде дене тәрбиесінің мазмұны жүргізілуіне , дене жаттығулары, табиғаттың сауықтырушы күші, гигиеналық және әлеуметтік – тұрмыстық факторлар қолданылуы туралы, дене жаттығуы- дене тәрбиесінің негізгі және ерекше құралы, ол педагогтың арнайы іріктеп алған, әдістемелік дұрыс ұйымдастырылған және басқаруға болатын қозғалыс пен қозғалыс қызметінің күрделі түрлерін қамтитынын айтып кетті.. Дене жаттығуы баланың жан- жақты жетілуіне ықпал ететіндігін, Дене тәрбиесінің негізгі мазмұны денені жаттықтыру болып табылатындығын атап, . мынадай түрлерге бөлінуін көрсеті.

- Таңертеңгілік жаттығу
- Қимыл- қозғалыс ойындары, спорт ойындары.
- Спорттық жаттығулар.

Балабақшадағы дене тәрбиесін ұйымдастырудың түрлері: күн әртібі бойынша сауықтыру шаралары (таңертеңгілік жаттығу, қимыл- қозғалыс ойындары, серуен кезіндегі жаттығулар мен спорттық ойындар, сергіту сәттері , ауладан тыс жерге саяхат жасау, спорттық ойын сауықтар).

Дене шынықтыру балалардың денсаулығын сақтап, нығайтатындығын және дене мүсінінің сұлулығын қалыптастырып, қимыл- қозғалыс қабілетінің белсенділігін арттыруына ықпал ететіндігін айта өтті..Дені сау, рухы таза ұрпақ өсіру ең маңызды мәселе дей отырып, біздің балабақшадағы басты міндетіміз: баланың денсаулығын нығайту, шынықтыру, түрлі аурулардың алдын-алу сақтану жұмыстарын дәстүрден тыс әдістерді қолдану арқылы жүргізілед деп сөзін аяқтады.

1Сөз сөйлеген : Тәрбиеші Егембердиева Ельмира Балабақшадағы балалардың дені сау болып өсу үшін осы кеңестерді ескере отырып жұмыс жасайтындығын айтып өтті.

3. Тыңдалды: Әдіскер Балабақшаға таңертеңгі келген уақыттан бастап Күн тәртібі бойынша сауықтыру шараларын (Таңғы жаттығу, қимылдық ойындар, сергіту сәттері, серуен кезіндегі спорттық ойындар мен жаттығулар, спорттық мерекелер, ойын – сауықтар) өткізетіндігіміз туралы айтып, Дене шынықтыру оқу қызметі

балаларды қимылға үйретудің негізгі қалыбы болып табылатындығын айтты . Ол әрбір жас топтарында аптасына 2-3 рет өткізіледі. Дені сау, рухы таза ұрпақ өсіру ең маңызды мәселе дей отырып, біздің балабақшадағы басты міндетіміз: баланың денсаулығын нығайту, шынықтыру, түрлі аурулардың алдын-алу сақтану жұмыстарын дәстүрден тыс әдістерді қолдану арқылы жүргізіледі. Денсаулықты нығайту мақсатында түрлі спорттық сауықтыру жұмыстарын ұйымдастырады. Оған Шынықтыру жұмыстары күн, су, ауа, су құю, сүртіну

Дене шынықтыру оқу іс- әрекеті таза ауадағы қимылдық ойындар.

Денсаулықты жақсарту мәселелерін шешу әдістері.

Дәрумендер терапиясы

Психо жаттығулар

Жалпақ табан, омыртқаның қисаюының алдын- алу.

Дем алу, сергіту жаттығулары.

Осы кесте бойынша барлық топтарда жұмыстар жүргізілетіндігін айтып өтті

4. Тыңдалды: Меңгеруші сөз алып, өтілген ашық оқу қызметінің жақсы өтілгендігін саласының «Қырмызы қуыршақ» тақырыбы балалардың сөйлеу мәнерінің дамуына , ой-өрісінің дамуына үлкен септігін тигізетіндігін айтып өтті. Алдағы уақытта осындай ашық сабақтарда жас мамандардың мұқият қатысып, ой түртіп алуын ескерте кетті. Сонымен қатар ашық оқу қызметінде көрнекіліктердің өте керемет екендігін , балалардың назарын тәрбиеші бірден өзіне қарату жағдайының бар екендігін айта өтті, бұл дегеніміз балалардың сабаққа қызыға қарайтындығын көп нәрсені ойына түйетіндігін айта өтті.

1Сөз сөйлегендер: Әдіскер ашық оқу қызметінің жақсы дәрежеде өткендігін айта келе тақырып, көрнекіліктер жас ерекшелігіне сай екендігін айтты. Балалардың әр оқу қызметінде белсене қатысатындығының көрініп тұрғандығын айта кетті.

Шешім: ШЕШІМ:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 8-тарау, 59- бабының 4- тармағына сәйкес өзіндік аттестаттаудан өтетін педагогтардың тізімі бекітілсін.

2. Еңбасты мәселе бала денсаулығының жақсы қалыптасуы мәселесі екендігін ескере отырып, айтылып өтілген кенестерді әрбір оқу қызметінде қолданылуы талап етілсін.

3. Денсаулықты нығайту мақсатында түрлі спорттық сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру қолға алынсын.

4. Жас мамандардың ашық оқу қызметіне қатысуы қадағалалансын.

Бөбекжай-бақша меңгерушісі:  Н.С.Калдыбекова



МКҚК №13 «Шұғыла » бөбекжай бақшасы

№3 хаттамасы

18.02.2025 жыл

Педагогикалық кеңес отырысы

Қатысқандар:

Қатыспағандар:

Тақырыбы: «Мектеп жасына дейінгі балаларға адамгершілік-патриоттық тәрбие беру»

Мақсаты: Педагогтардың, балалар мен ата-аналардың өзара әрекеттесу мүмкіндіктерін ескере отырып, адамгершілік патриоттық тәрбие беру жұмыстарының мазмұны мен формаларын жаңарту.

Күн тәртібінде

1. Өтілген пед кеңесінің шешімдерін орындау
2. 2. Белсенділік арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың патриоттық тәрбиесі мен тарихи санасын қалыптастыру
Тәрбиешілер мен ата-аналар арасындағы қарым-қатынас.
3. 3. «Отбасы тәрбиесі – алғашқы қадам патриоттық тәрбие»
- 4.4 Патриоттық тәрбие беру бұрыштарын қарастыру қорытындысы

1.Педагогтар кеңесіне баяндамалар дайындау бойынша кеңес беру. Меңгеруші Калыбаева Нуржамал

2. Рухани жаңғыру «Менің туған өлкем» тақырыбында сурет көрмесін ұйымдастыру МАД топ тәрбиешілері Жансугурова Гулнар

3.Рухани құндылықтар «Халық ауыз әдебиеті – тіл дамытудың негізі» әдіскер Абуова Динар

Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі педагогикалық кеңесті ашық деп жариялап өткен №2 педагогикалық кеңеске танымдық дағдыларды қалыптастыру бойынша ұйымдастырлған іс-әрекеттер ойын негізінде өткізу талабы қойылған болатын. Әрекеттер балалардың жас ерекшелігін ескеріп ұйымдастырылды.Барлық топта жас ерекшелігіне қарай танымдық дағдыларды қалыптастыратын, күнделікті іс әрекеттерде пайдаланылатын көрнекіліктер жинақталған. **Әдіскер:** Тыңдалды: 2023 – 2024 оқу жылының

алғашқы жарты жылдығын қорытындыласақ. Алғашқы жарты жылдықта «Таным» білім беру саласы жүзеге асырылды. Оқу жылының алғашқы педагогикалық кеңесінде педагогтармен сикырлы сандар әлемі, «Интеллектум сырлары» тақырыбында эстафеталар ұйымдастырылып кеңінен түсіндірілді. Әр жас ерекшелігіне тоқталып анықтама берілді. 5 жас МАД топтарының білім деңгейлерін анықтап қызықты эстафеталар жас ерекшелігіне сай ұйымдастырылды. Педагогтарымызбен ханымдар эстафетасы ұйымдастырылды(толығырақ баяндамада)

Сөйледі:Сарыбаева Карима Эстафеталық ойын көңілді болды. Педагогтар арасында жақсы-қарым қатынас құруға жақсы ықпалын тигізді _

2.Тыңдалды Балабақша меңгерушісі екінші мәселе бойынша сөз алды.- Белсенділік арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың патриоттық тәрбиесі мен тарихи санасын қалыптастыру Осы аралықта мектеп жасына дейінгі балалардың игерген рухани байлығы, білімі, дағдысы, қабілеті өмір бойына із қалдырып, оның өз деңгейінде дұрыс жетілуіне негіз болады. Сол себепті де мектепке дейінгі ұйымдарда білім нәрін ұсынатын біз тәрбиешілерге аса назар аударады. Биыл біздің ұжым өз алдына мынадай жылдық міндет қойып отыр: «Балабақша және отбасы сабақтастығы арқылы мектеп жасына дейінгі балаларға адамгершілік-патриоттық тәрбие беру». Осы міндетті негізге ала отырып біз, сіздер ата-аналар балаларымызға адамгершілік-патриоттық тәрбие беруіміз керек. Баланың бойына адамгершілік нормаларын меңгерту, еңбекке баулу, жағымды әдет-дағдыларын қалыптастыру, келешек ұрпақты ұлттық, халықтық тұрғыдан тәрбиелеу. Әр адам өзінің ұлттық тамырын, әдет-ғұрпын, мәдениетін түсіне алады. Өз халқына деген сүйіспеншілігі, өзінің туған жеріне өз халқы өмір сүретін ортаға деген сезіммен ұласып жату керек. Халықтың әдет-ғұрып, салт-санасының байлығы, патриоттық сезім Отанға деген сүйіспеншілігін қалыптастырады. Ұлттық тәрбие алған ұрпақ дені сау, білімді, ақылды, ұлтжанды, еңбекқор, сыпайы, кішіпейіл болып өседі. Әр отбасында дене, еңбек, ақыл-ой, адамгершілік, экономикалық, экологиялық, құқықтық, сұлулық тәрбиелері жүргізілген. Әр отбасында аталған тәрбие түрлерін жүзеге асырудың мақсаты – жан-

жақты жетілген азамат тәрбиелеу болды. Отбасындағы дене тәрбиесінің мақсаты бала денесін дамыту, денсаулығын нығайту, ағзасын шынықтыру және күн тәртібін дұрыс ұйымдастыруға салауатты өмір салтына тәрбиелеу болады. Сондай-ақ әр отбасында адам зиялылығының негізі ақыл-ой тәрбиесі деп есептелінеді.

Жарыс сөзге балабақша әдіскер Мектепке дейінгі мекемеде балалардың ойын еркін жеткізуде, рухани патриоттық тұрғыдан білім алуына тәрбиеленуіне барлық жағдай жасалған. Халқымызда «баланы жастан» деген дана сөз бар. Тәрбиенің бесіктен басталатынын ескерсек, ата – бабадан келе жатқан дәстүрлерді ең алдымен өзіміз түсініп, балаларға оның нәрін сіңіре білсек, болашақ ұлтжанды ұрпақ тәрбиелесек — бұл еңбегіміздің жанғаны, тәуелсіз ел болашағына қосқан үлкен үлесіміз деп білеміз. Адамзаттың асыл мұраттары қайта гүлдеп, мәдениет дәрежесі мен білімділік деңгейі қоғамның өркендеуінің басты өлшеміне айналып отырған жаңа ғасырда жас ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеудің маңызы артып келеді. Сондықтан мен баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуді зерттеп, өзіме, балаларға патриоттық тәрбие беруде жаңа технологияларды пайдалану арқылы жобаны алуды жөн көрдім. Патриоттық тәрбие беру арқылы баланың патриоттық сезімдерін ояту, баланың ой-өрісін, көркем ойлау қабілетін, талғампаздығын арттыруға болады. Сол себепті өз жұмысымда патриоттық тәрбиені беру үшін алдымен оның мақсаты мен мүмкіндіктерін бөліп шығару қажет екенін байқадым.

Шешім: Мектеп жасына дейінгі балаларға адамгершілік патриоттық тәрбие беру тақырыптық бақылау жаслсын. Жапауты балабақша әдіскер жүктелсін

Тыңдалды: Балабақша әдіскері үшінші мәселе бойынша Отбасы тәрбиесі – алғашқы қадам патриоттық тәрбие Қазақ халқының салт-дәстүрінің ұрпақ тәрбиесіне қосар үлесі аса зор, мәні үлкен. Ендеше әріптестер ата-аналар балаларымызға білім мен тәрбие беру барысында ұлттық салт-дәстүрлерін дұрыс жеткізе білсек, ертеңгі күні олардан зор ұлтжанды қазақ азаматы шығатынына кәміл сенуге болады. Қазақ отбасының осындай өнегелері жеке бастың мінез-құлқы мен рухани, мәдени құндылықтарын қалыптастырудың баспалдақтары болады.

Шешім: Отбасы тәрбиесі – алғашқы қадам патриоттық тәрбие де берілген тақырыптар бойынша ата-аналар мен ашық есік күндері өткізілсін ұйымдастыру мен қадағалау балабақша әдіскеріне жүктелсін.

И.С. Кадд